

Науырзым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы № 36 "Науырзым аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 233 "Науырзым ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін жүзеге асыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Науырзым ауданы мәслихатының 2010 жылғы 31 наурыздағы № 67 қаулысы. Қостанай облысы Науырзым ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 28 сәуірде № 9-16-106 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 278 қаулысымен

*Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Науырзым ауданы әкімдігінің 2010.12.31 № 278 қаулысымен.*

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 82-бабына, "Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 13 сәуірдегі Заңының 16-бабына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабына сәйкес Науырзым ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Науырзым аудандық мәслихатының 2009 жылғы 25 желтоқсандағы № 233 "Науырзым ауданының 2010-2012 жылдарға арналған аудандық бюджеті туралы" шешімін жүзеге асыру туралы" Науырзым ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 12 ақпандағы № 36 қаулысына (нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-16-102 тіркелген, 2010 жылғы 19 наурыздағы "Науырзым тынысы" газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақтың 1) тармақшасындағы "300" деген сандар "3500" деген сандармен а у ы с т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Х.С. Қ у а т қ а н о в қ а жү к т е л с і н .

3. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланған күннен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Т. Ташмағамбетов

КЕЛІСІЛДІ:

"Науырзым ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бастығы

Ә. Сансызбаев

*"Науырзым ауданының қаржы бөлімі"  
мемлекеттік мекемесінің бастығы*

*Р. Бөдекенова*

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК